

"Су арнасы" ашық акционерлік қоғамының конкурстық массасын сатудың ерекше шарттары мен тәртібі туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 13 тамыздағы N 855 Қаулысы

Қарағанды қаласын сумен жабдықтау объектісі болып табылатын "Су арнасы" ашық акционерлік қоғамын оңалту рәсімі мақсатына қол жеткізілмеуіне, ауыр қаржы-экономикалық жағдайына байланысты және "Банкроттық туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 21 қаңтардағы Заңы 2-бабының 4-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен "Су арнасы" ашық акционерлік қоғамын (бұдан әрі - Қоғам) оңалту рәсімін тоқтатуға және конкурстық іс жүргізуін қозғауға бастамашылық жасасын.

2. Сот Қоғамды банкрот деп тану және конкурстық іс жүргізуді қозғау туралы шешім шығарған жағдайда мыналарды:

1) өндірістің бірыңғай технологиялық кезеңін қамтамасыз ететін және оның үздіксіз жұмысын жүзеге асыру үшін қажетті Қоғамның меншік кешенін бірыңғай лотпен (бұдан әрі - лот) аукцион нысанындағы конкурстық саудада сатуды;

2) әкімшілік шығыстардың сомасынан және бірінші әрі екінші кезектердегі кредиторлар талаптарының сомасынан төмен емес лотты сатудың ең төменгі бағасын белгілеуді;

3) өндірістің технологиялық кезеңінің үздіксіздігін қамтамасыз ете отырып Қоғамның банкрот рәсімін өткізу және меншік құқығы бірыңғай лотты сатып алушыға өту сәтіне дейін тұтынушыларды сумен жабдықтауды үздіксіз қамтамасыз ету үшін конкурстық басқарушыға шарттар жасасу құқығын беруді көздейтін Қоғамның конкурстық массасын сатудың ерекше шарттары мен тәртібі белгіленсін.

3. Бірыңғай лотты сатып алушыға (бұдан әрі - сатып алушы) мынадай:

1) сатып алушының қызметтің бейінін сақтау, тұтынушылармен бұрын қабылданған шарттар талаптарын және ұсынылатын қызметтер көлемін орындау жөнінде міндеттемелер қабылдауын;

2) сатып алушыға заңнамада белгіленген тәртіппен тарифті бекіту сәтіне дейін Қоғамның су шаруашылығы және (немесе) кәріз желілері жүйесінің қызмет көрсетулеріне арналған уәкілетті орган бекіткен тариф бойынша сатып алушы қызметін жүзеге асыру;

3) Қарағанды қаласын сумен жабдықтау жүйесін дамыту бойынша Қарағанды облысының әкімдігімен және Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігінің Қарағанды облысы бойынша

департаментімен келісілген инвестициялық бағдарламасының болуы;

4) Қоғам қызметкерлерімен еңбек шарттарының үздіксіздігін қамтамасыз етуін және осы шарттар бойынша міндеттемелер қабылдауын көздейтін қосымша талаптар белгіленсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары С.М.Мыңбаевқа жүктелсін.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
П р е м ь е р - М и н и с т р і н і ң

міндетін атқарушы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК